# Мерейлі 85 жыл құтты болсын!


ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ



# QAZAQ ÝNIVERSITETI

№2 (1711)
15 қаңтар
2019 жыл

Апталық 1948 жылдың 20 сәуірінен шыға бастады

www.kaznu.kz


**Галым МУТАНОВ,**
*академик, ректор КазНУ им. аль-Фараби*

## НА ПУТИ К НОВЫМ ВЕРШИНАМ



**Сегодня исполняется 85 лет ведущему университету страны – Казахскому национальному университету им. аль-Фараби.**

Официальное открытие первого университета Казахстана состоялось 15 января 1934 года, когда был подписан приказ о профессорско-преподавательском составе и зачислении студентов. За минувшие десятилетия вуз прошел славный путь и сегодня продолжает вносить огромный вклад в развитие социально-политической и экономической жизни, став оплотом всей системы высшего образования страны. Сегодня КазНУ им. аль-Фараби достойно представляет Казахстан в международном научно-образовательном пространстве и по праву считается одним из мировых лидеров высшей школы.

История нашего вуза неразрывно связана с важными вехами казахстанской государственности и масштабными преобразованиями страны. Создание вуза призвано было решить проблему подготовки национальных кадров, и в этом процессе огромную роль сыграл организаторский талант первого ректора Федота Оликова. К концу непростых 1930-х годов прошлого столетия в Казахском государственном университете студентов обучали на 5 факультетах, было создано подготовительное отделение. В военные годы вузу пришлось перейти на сокращенные программы, начав готовить прежде всего специалистов для фронта. Многие из преподавателей и студентов, ушедшие на войну, не вернулись с полей сражений, а выпускник Александр Попов был удостоен звания Героя Советского Союза.

В эти годы в КазГУ работали лучшие научно-исследовательские институты и лаборатории, эвакуированные из России, Украины, Беларуси. Это позволило сформировать на базе университета новые научные школы – химии, астрономии, физики, истории и языкознания. Неудивительно, что в послевоенные годы КазГУ превратился в ведущий центр подготовки высококвалифицированных кадров для всех отраслей экономики и общественно-политической жизни нашей республики. В значительное укрепление позиций университета, несомненно, свою лепту внесли ректоры, возглавлявшие его в разные годы. Это Иван Лукьянец, Толеген Тажибаев, Аскар Закарин и Темирбай Дарканбаев. Передовые кафедры возглавляли профессоры Ермухан Бекмаханов, Абикен Бектуров, Константин Персидский и многие другие. Лекции читали светила казахстанской науки – академики Мухтар Ауэзов и Каныш Сатпаев.

*Продолжение на 4-5 стр.*

## ҒЫЛЫМИ ИНТЕГРАЦИЯҒА ҰМТЫЛЫС

**Бүгінгі білім мен ғылым саласындағы елеулі өзгерістер жиырма бірінші ғасырда әрбір азамат табысқа жету үшін қажетті білім мен дағдылардың жаңаша жолдарын меңгеруді талап етеді. Осы ретте кезекті ректорат мәжілісінде білім мен ғылымның интеграциясы жобасының жүзеге асырылуы талқыға түсті.**

«Қай кезеңде болмасын жас ұрпаққа білім мен тәрбие беру қоғам алдындағы ең маңызды жауапты іс. Сондықтан мемлекетіміздің даму, жаңару жолындағы өзгерістер еліміздің білім беру саласына өз әсерін тигізуде. Қазіргі заманауи жағдайдағы білім берудің болашағы қоғамның даму үдерісімен білімнің ғылыми интеграцияға ұмтылуымен, қоғамда жинақталып және үнемі өсіп отыратын, ақпарат көлемінің әртүрлілігімен анықталады.

*Жалғасы 2-бетте*

## ҚАРЫШТЫ ҚАДАМ

**Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті– Қазақстандағы білім мен ғылымның ірі орталығы. Биыл білім ордасына 85 жыл толып отыр. Осы жылдар ішінде университетіміздің қол жеткізген табыстары мен елімізге жасаған еңбегі орасан зор.**

Бір адамның ғұмырындай уақытты өткерген ҚазҰУ-дан түлеп ұшып, өз ұлтына өшпес өнеге мен білім нәрін сеуіп кеткен нар тұлғалар өте көп. Қоғам және мемлекет қайраткері Әбіш Кекілбаев, Біріккен ұлттар ұйымындағы ҚР тұрақты өкілі Ақмарал Арыстанбекова, Қазақ КСР ғылым академиясының академигі, академия президенті Мұрат Әбенұлы Айтхожин, Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесінің Төрағасы Қайрат Мами, белгілі мемлекет және көрнекті қоғам қайраткері, академик Кенжеғали Әбенұлы Сағадиев, ақын, Қазақстанның халық жазушысы, лингвист-зерттеуші, түрколог, танымал саясатшы, көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері Олжас Сүлейменов, Қазақстан Республикасының Ұлттық ғылым академиясының академигі. Қазақстан Білім Беру ісінің Құрметті қызметкері, КСРО өнертапқышы Майя Шығаева және т.б.

Бүгінгі таңда қала ішіндегі қалашықта студенттердің білім алуына барлық мүмкіндік жасалған. Ө. Жолдасбеков атындағы 1600 орындық студенттер сарайы, ТМД елдеріндегі жалғыз үлкен ауқымды «әл-Фараби» кітапханасы, спорткешені, әскери кафедра, технопарк, 5000 студентке арналған студенттер үйі, медициналық орталық және студенттерге қызмет ету орталығы студенттер игілігі үшін қызмет жасап отыр.

*Жалғасы 3-бетте*


МЕРЕЙТОЙЛЫҚ ФЛЕШМОБ – 2-бет



ҚАЗҰУ-ДЫҢ ТҰҢҒЫШЫ – 6-бет



СТУДЕНТТЕР МЕКЕНІ – 7-бет



РЕКТОРАТ

# ҒЫЛЫМИ ИНТЕГРАЦИЯҒА ҰМТЫЛЫС

*Жалғасы. Басы 1-бетте*

Интеграция мен ғаламдастыру қатар жүріп келе жатқан қоғамда университетіміз білім берудің сапасы мен деңгейін жан-жақты көтеріп, жаңаша ойлайтын, оқыту мен тәрбиенің жаңа технологиясын күнделікті жұмыста қолдануды қолға алған», – деді білім мен ғылымның интеграциясы жөніндегі проректор Әзімхан Сатыбалдин.

Кезекте стратегиялық даму орталығының директоры Гүлшат Салауатқызы QS бойынша академиялық сарапшылар мен жұмыс беруші сарапшылардың деректер базасы және сарапшылармен жұмысы туралы баяндама жасап, университеттің алға жылжуы бойынша жол картасындағы барлық бағыттардың көрсеткіштеріне және биылғы жылы жоспардағы оқу-әдістемелік жұмыс, академиялық ұтқырлық, халықаралық ғылыми білім беру қызметі, ғылыми-зерттеу және инновациялық қызмет, әлеуметтік-тәрбие жұмысы бағыттарындағы негізгі мәселелерге назар аударды. Сонымен қатар мәжіліс аясында университеттің 85 жылдығына арналған іс-шаралардың күнтізбесі және университет педагогтері, қызметкерлері және докторанттары арасында өткен 47-дәстүрлі «Денсаулық» спартакиадасының қорытындылары таныстырылды. Жиын соңында университет дамуы жолындағы ұзақ жылғы еңбегі мен жоғары білікті маман даярлаудағы үлесі үшін философия ғылымдарының докторы, профессор, философия кафедрасының меңгерушісі Гүлжихан Нұрышева ректордың Алғыс хатымен марапатталды.



**Айнұр АҚЫНБАЕВА**

# МЕРЕЙТОЙЛЫҚ ФЛЕШМОБ

**15 қаңтарда әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың 7 мыңнан астам студент пен түлектері Мәңгілік ел қақпасы алдына жиналып, университеттің 85 жылдығына арналған флешмоб өткізді.**




Флешмобқа қатысушылар «ҚазҰУ 85» деген жазу құрды. ҚазҰУ-дың Жастар ұйымдары комитетінің басшысы Нұрсұлтан Беккайровтың айтуынша, флешмоб – бұл туған университетке деген құрмет пен құттықтаудың бір көрінісі.

Ауқымды әрі салтанатты шара әр жылдары университеттен білім алған түлектерді де бей-жай қалдырмады. Олар өздерінің естеліктерімен, әсерлерімен бөлісті, барша жиналған қауымды мерейтоймен құттықтап, университетке жаңа белестер мен биіктерден көріне беруді тіледі. Мерекелік флешмоб студенттердің концерттік бағдарламасымен аяқталды.



**Өз тілшімізден**

КҮНДЕЛІК

# ТАРИХ БЕТТЕРІНЕ ШОЛУ

***Құрметті әріптестер!***

*Баршамыз бірге қасиетті қара шаңырағымыздың 85 жылдық мерейтойы қарсаңында білім ордасының тәлімді тарихына үңіліп, өнегелі өркендеу кезеңдеріне шолу жасайық. Біз университетіміздің 80 жылдық мерейтойында 1933-2014 жыл аралағына тарихи шолу жасаған болатынбыз. Бұл жолы соңғы 5 жылдағы жеткен жетістіктеріміз бен табысты еңбек жолымыз туралы тоқталамыз.*

*Әр деректің артында университеттің белді белестері мен қызметі, оқытушылары, қызметкерлерінің ерен еңбектері және студенттері мен жас ғалымдарының жетістіктері тұр. Олардың жалынды жігер-қайраттары, таусылмас талпыныстары мен тапқырлықтары, шығармашылық жеңістерінің барлығы осы ғылым мен білім ордасының тұғырлы тағдырының қалыптасуына әсерін тигізді.*

*Университет тарихының негізгі белестері Қазақстан Республикасының өсіп-өркендеп, әлем таныған Тәуелсіз мемлекеттер қатарына қосылу кезеңдерімен сәйкес келеді. Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ - жаңа заман талабына сай зиялы ұлт тәрбилеп қана қоймай, еліміздің бүкіл саяси, мәдени, әлеуметтік және экономикалық күш-қуатының нығаюы жолында талмай еңбек атқаратын зор құндылық ұжым.*

**ҚАҢТАР**

Жыл басында ҚазҰУ-да жаңа формациядағы университетке айналуға бағытталған «Al-Farabi University - Smart City» атты бірегей ғылыми-инновациялық жоба бастау алды. Жобаның негізінде ұлы ойшыл әл-Фарабидің қайырымды қала туралы ілімі жатыр.

Қаңтарда ҚазҰУ БҰҰ-ның «Академиялық ықпал» бағдарламасының тұрақты даму бойынша жаһандық хабын басқарды. Бұл университеттің ғылым мен білім беруде көшбасшы ретіндегі жетекші рөлінің маңызды мойындалуы болды.

**АҚПАН**

Ақпан айында ҚазҰУ-ға Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Индустрия және жаңа технологиялар министрі Әсет Исекешев келді. Ол университеттің жас ғалымдары ұсынған инновациялық жобаларды жоғары бағалады.

ҚазҰУ-дың студенттері мен оқытушылары ресейлік ақын Владимир Берязевпен кездесті, ақын кездесу барысында қазақ жеріне және халқына деген махаббат пен жылылыққа толы шығармалары туралы әңгімеледі.

**НАУРЫЗ**

Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаев ҚазҰУ ректоры Ғалым Мұтановты қабылдады. Кездесу барысында университеттің даму және оның бәсекеге қабілеттілігін арттыру мәселелері талқыланды.

Дәстүрлі түрде Халықаралық әйелдер күніне орай ҚазҰУ ер азаматтары үлкен гала-концерт берді.

Осы айда екі ірі іс-шара өтті: халықаралық семинар және «Эрасмус Мундус» жобасы бойынша бірінші аймақтық конференция, оған әлемнің 11 елінен 100-ден астам жоғары оқу орындарының өкілдері қатысты.

**СӘУІР**

Сәуірде ҚазҰУ-да БҰҰ Бас хатшысының арнайы өкілі, Орталық Азия бойынша превентивті дипломатия жөніндегі аймақтық орталықтың басшысы Мирослав Енча болды. Сапар мақсаты тұрақты даму, ғылым және білім беру саласында БҰҰ құрылымдарының ҚазҰУ-мен әріптестігін нығайту мәселелерін талқылау болды.

Осы айда ҚазҰУ-да алғашқы Халықаралық Фараби оқулары басталды. Бағдарламаны «әбу Насыр әл-Фараби – дәуір сұхбаттастығы» атты форум ашты.

Университет ректоры Ғалым Мұтановтың халықаралық студенттік спорт федерациясының президенті Клод-Луи Гальен бастаған делегациясымен кездесуі өтті.

Осы айда ел Президентінің «Жасыл көпір» бастамасы мен ғаламдық энергоэкологиялық стратегияны қолдау мақсатында «Жасыл көпір ұрпақтан-ұрпаққа» атты IV Халықаралық студенттік форум өтті.

Ғылым мен білім берудің өзекті мәселелерін талқылау бойынша ҚР ЖОО ректорлары Консорциумының отырысы өтті.

ҚазҰУ өзінің 80-ші көктемін кең ауқымда қарсы алып, «Наурыз - жаңа жыл басы» мерекесін қазақ халқының ең жақсы дәстүрлерімен атап өтті.

**МАМЫР**

VII Астана экономикалық форумы аясында әлемнің жетекші жоғары оқу орындарының қатысуымен Азия университеттерінің III форумы өтті.

Қазақстандық ЖОО тарихында алғаш рет ҚазҰУ-дың даму қоры–эндаумент құрылды.

Сонымен қатар бұл ай химия бойынша Нобель сыйлығының лауреаты Арье Варшельдің дәрістерімен есте қалды. Нобель сыйлығының лауреаты университеттің студенттері және оқытушыларымен кездесу өткізді.

**МАУСЫМ**

Маусым айында ҚазҰУ-да «Қытайдағы жоғары білім» атты көрме өтті. Оның жұмысына Аспан асты елінің 17-ден астам жоғары оқу орны қатысты. Қытай елінде білім алуға бағытталған бағдарламалардың көптеген түрлері ұсынылды.

ҚазҰУ өткен жылдардағыдай 2014 жылдың ұлттық рейтингінде көшбасшы атанды.

*Жалғасы 3-бетте*

**1934 жылы 15 қаңтарда ҚазҰУ салтанатты түрде ашылды**

# ҚАЗҰУМЕН ҚҰРДАС ҒАЛЫМ

**Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің 85 жылдық тарихында елімізге елеулі ерен еңбегімен күллі қазақ елі мен алыс-жақын шет елге танымал сансыз ғалымдар мен білімді ұрпақтарын тәрбиелеп ұшырды. Солардың бірі өзінің білімге, ғылымға деген құштарлығымен бүкіл өмірін қазақ даласы, жер ананы зерттеу жұмысына арнаған, Қазақ ұлттық университетімен замандас, Есбол Үсімбекұлы Жамалбековтің есімін айрықша мақтанышпен атап айтамыз.**

Есбол Үсімбекұлы Жамалбеков 1934 жылдың 17 мамыр күні Оңтүстік Қазақстан облысының Түлкібас ауданының Масат өзені бойындағы Кершетас ауылында шаруа отбасында дүниеге келген.

Арман қуып, биікке қанат қағып Алматыға келеді. Ұстаздарының берген сабағын, ақыл-кеңесін ойға түйіп, өзіне жұмбақ көрінген топырақтың қыр-сырын білуге соншалықты құмар болып, осы ілімнің тереңіне бойлау үшін жалықпай ізденуге дайын болды. Осы кезден бастап, Қазақ ұлттық университетінің замандасы, Есбол Үсімбекұлыны жаны мен болмысына жақын мамандық таңдауда адаспай, еңбек жолында қайтпас қайсарлығы мен қажырлы еңбегімен жалықпай көп ізденіп, топырақтану саласында елімiздегі білікті ғалымдардың біріне айналды.

Есбол Үсімбекұлы Қазақстанда академиялық ғылымның қалыптасуы мен өркендеуіне өз үлесін қосуға барынша тырысады. Білім мен ғылымды насихаттауға белсене қатысып, еліміздің түпкір-түпкіріне барып дәріс оқиды. Газет-журналдар беттерінде насихаттайды.

Ғылыми салада істеген көпжылдық еңбегінің нәтижесінде топырақ мелиорациясы, топырақты қайта құнарландыру және табиғатты қорғау салаларынан жоғарғы кәсіби ғалым дәрежесіне жетеді. Ол көптеген республикалық, бүкілодақтық, тіпті халықаралық ғылыми жиындарға баяндамалармен қатысты.



1991 жылы әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің география факультетінде топырақтану пәнінен дәріс беруге доцент қызметіне шақырылады. «Топырақтану» пәні география мамандығы үшін негізгі пәндердің бірі. Сондықтан бұл ұсынысты қуана қарсы алады.

Қазақ ұлттық университетінде Есбол Үсімбекұлының ұстаздық жолға түсуі өмірінің сүбелі де маңызды кезеңіне айналды. Студенттерге білім беруде ұстаздың жауапкершілігін үлкен ұғыммен қабылдап, ғылыми-зерттеу институты қабырғасында жинақтаған көп жылдық білім қорын жас ұрпаққа беріп келеді. Жинаған ілім мен білім, ізденістері мен ғылыми құнды деректері мен мәліметтерін, оның жаңа буынға жеткізуге жақсы мүмкіндік туады. Сонымен қатар, ғылыми мақалалар жазып, ғылыми-тәжірибелік конференцияларға қатысып жүреді.

Болашақ жастарымыздың жеке тұлға, әрі жақсы маман болып қалыптасуы әрине ұстаздың қолында. Шәкірттерді білім нәрімен сусындатып, тәлім-тәрбие беріп, жақсы қасиеттерді бойына дарытып, адамгершілік рухта бағыт-бағдар беруде ұстаздың еңбегі зор. Мұхтар Әуезов «Халықты халықпен, адамды адаммен теңестіретін білім» деп айтқандай, білімді ұрпақ тәрбиелеу, терең білімді ұстаздың ғана қолынан келеді ғой. Шәкірттерге сапалы білім берудегі оқытушының негізі – ол өз пәнін терең түсініп, игеру. Дәл осы пікір Қазақ ұлттық университетінің замандасы, құрдасы, әрі түлегі Есбол Үсімбекұлына айтылғандай.

Қазақ ұлттық университетінің аты алтын әріппен жазылатын дарынды түлегі, қоғамда өз орнын ойып алатын, еліміздің біртуар азаматы Жамалбеков Есбол Үсімбекұлының, қара шаңырақ Қазақ ұлттық университетінің құрылуымен қатар биыл 85 жас мерейтойы қатар келіп отыр. Ол өзінің ғылыми ізденіс жолында өте маңызды деректерді жинастыра отырып, бірнеше жаңалықтар ашып, ғылымның дамуына зор үлесін қосты. Оқитын дәрісті әрбір шәкіртінің бойына сіңіру барысында аянбай еңбек етті. Әр сабақта студенттерді ғылымға баулап, білімге қызықтыру барысында ұтқыр тапқырлықпен оқыта білді.

Жақсы маман, ғалым, ұстаз болу – жақсы іс. Бірақ адал да, ақжүрек азамат болып қалу – одан да асыл іс деген ұстаныммен келе жатқан Есбол Үсімбекұлы өз ісінің озық маманы, заманының ары таза, жаны жомарт, ізгілігі мол азаматы. Адамгершілігі жоғары, үлкендерді қадір тұтып, кішілерге үлгі-өнеге көрсете алуының арқасында талай белестерді бағындырды. Өйткені ақыл-ойдың бастапқы түрткісі – ол білім.

**География, жерге орналастыру және кадастр кафедрасының ұжымы**

*Жалғасы. Басы 1-бетте*

# Қарышты қадам



Студенттердің дұрыс әлеуметтенуі үшін арнайы әлеуметтік-тәрбие жұмысы жөніндегі басқарма, факультеттерде кураторлар, студенттік өзін-өзі басқару ұйымдары, студенттік клуб, әр түрлі үйірмелер мен клубтар жұмыс жасайды. Сондай-ақ, ректорымыздың бастамасымен «Al-Farabi university – smart city», «Айналаңды нұрландыр!», «100 кітап», «ҚазҰУ – Гринкампус», «Саламатты дене мәдениеті», «Мен жастарға сенемін!», «Жасыл көпір – ұрпақтан-ұрпаққа», «Рухани жаңғыру» атты инновациялық тәрбие жобалары жүзеге асырылуда. Аталған жобалар аясында университетіміздің кураторлары, студенттері, студенттік өзін-өзі басқару ұйымдары, үйірмелері мен клубтары әр түрлі іс-шараларды ұйымдастырып жүр. Бұл шаралардың студенттің өзін дамытуына үлкен септігін тигізіп жатқандығы сөзсіз. Әлеуметтік әріптестік пен кураторлық жұмыс бойынша ҚазҰУ-дегі үздік тәжірибе өзге оқу орындарында да қолданылып жатыр.

Университетімізде ғылыми-инновациялық қызметте жоғары деңгейде көтерілген. Біздің ғалымдарымыз жыл сайын қаржы көлемі бірнеше млрд. теңге болатын ғылыми жобаларды жүзеге асыруда. Зерттеу барысында алынған нәтижелерін «Thomson Reuters» пен «Scopus» қорына енетін рейтингтік ғылыми басылымдарда жариялап отыр, ондағы әрбір үшінші қазақстандық мақала ҚазҰУ ғалымдарына тиесілі. Инновациялық жобаларды жүзеге асырудан студенттер де құр алақан емес. Университетте студенттік инновациялық жобалар жүзеге асырылатын 20-дан аса студенттік бизнес-инкубатор жұмыс жасауда. UNIFORM халықаралық студенттік жобасының жүзеге асуы – ҚазҰУ студенттерінің ғылыми-зерттеу жұмыстарының халықаралық деңгейде екенін көрсетеді. Оның бір дәлелі ғарышқа 2017 жылдың 15 ақпанында Үндістандағы Сатиш Дхаван атындағы ғарыш алаңынан жіберілген «Al-Farabi-1» және 2018 жылдың 04 желтоқсанында Калифорния (АҚШ) штаты ғарыш алаңында ұшырылған «Al-Farabi-2» наноспутниктері.

Осындай телегей табыстарымен жоғары деңгейдегі университетте оқыған әрбір студенттің өз білім ордасына деген құрметі шексіз екені айқын. Бар ықыласпен ҚазҰУ-ымызды 85 жылдық мерейтойымен құттықтаймыз! Алда жоспарланған мерейтойлық іс-шаралар жоғары деңгейде ұйымдастырылып, ҚазҰУ беделін асқақтата берейік!

**Айзада ҚОЖАХМЕТОВА,**
*биофизика және биомедицина кафедрасының оқытушысы*

## КҮНДЕЛІК

*Жалғасы. Басы 1-бетте*

**ШІЛДЕ**

ҚазҰУ мен ҚР БҒМ Ғылым комитетінің Ғылыми ұйымдар басшылары арасындағы Ғылым мен білім интеграциясы туралы бас негіздемелік келісімге қол қою маңызды оқиғаға айналды. ҚазҰУ және 10 ҒЗИ эксперимент ретінде 1 қыркүйектен бастап 100 магистрант және 50 PhD докторларын бірлесіп дайындауға кірісті.

ҚазҰУ-да ҚР БҒМ басшысының қатысуымен «Ұлттық студенттік футбол лигасының» тұсаукесері өтті.

**ТАМЫЗ**

«Great Value Colleges» халықаралық ұйымының зерттеу қорытындысы басты оқиға болды. ҚазҰУ рейтингіде 31-орынды иеленіп, әлемдегі ең технологиялық дамыған 50 университеттің қатарына енді. Бұл рейтингіде ҚазҰУ тек ТМД елдерінің ғана емес, сонымен бірге Шығыс және Орталық Европаның жалғыз өкілі болды.

Осы айда алғаш рет ҚазҰУ мен Енсе университетінің «Кангнам Северанс» клиникасы (Оңтүстік Корея) арасында жақында өз жұмысын бастаған диагностикалық орталықтың маңызды құрамдас бөлігі – «U-Health» телемедицина жүйесінің онлайн апробациялауы өтті.

**ҚЫРКҮЙЕК**

26 американлық студент ҚазҰУ-да оқуды таңдады. Жас американлықтардың еуропалық жоғары оқу орындарының орнына қазақстандық жоғары оқу орындарын таңдауы, сөзсіз, мемлекетіміздің және оның жоғары білім беру жүйесінің танымалдығының өскенін куәландырады.

Айдың маңызды оқиғасы ҚазҰУ студенттерінің Инчхондағы (Оңтүстік Корея) XVII Азия ойындарындағы жеңісі болды. Бас триумфатор Дмитрий Баландин атанды, ол 50, 100 және 200 метр брасспен жүзуде үш алтын медаль жеңіп алды, ал Елдос Сметов дзюдодан бірінші орынды иеленді.

**ҚАЗАН**

Қазан айы ҚазҰУ үшін Германияның «Frankfurter Buchmesse 2014» 66-шы Халықаралық кітап көрмесі аясында өткен жағымды оқиға болды. Мұнда әлемдегі ең ірі «Springer» баспа үйі ҚазҰУ ректоры Ғалым Мұтановтың ағылшын тіліндегі «Экономикалық жоспарлау, басқару және бюджеттеудегі математикалық әдістер мен үлгілер» («Mathematical Methods and Models in Economic planning, Management and Budgeting») атты кітабын таныстырды.

ҚазҰУ мен ҚР Ұлттық Ғылым академиясы бірлесіп Шығыстың ұлы ойшылы әл-Фарабидің кітаптарының тұсаукесерін өткізді.

Болашақ журналистер үшін Студенттер үйінің ашылуы өткізілді. Бұл шара олардың қазақстандық студенттер қатарына қабылдануының алғашқы мерекесі болды.

ҚазҰУ-да Ислам Ынтымақтастығы Ұйымының Бас хатшысы Ияд бен Амин Маданидің ашық дәрісі өтті, ол студенттерді ұйымның қызметі туралы толық таныстырды.

**ҚАРАША**

ҚазҰУ-да ҚР Парламенті Сенатының Төрағасы Қасым-Жомарт Тоқаевтың қатысуымен әлемдік деңгейдегі шара өтті. «Адамның тұрақты дамуының жаңа парадигмасы. G-Global – жаһандық диалог форматы» конференциясы ҚазҰУ-да өркениетті одан әрі дамыту мен адамзаттың жаһандық мәселелерін шешу жолдарын ұсынған ықпалды халықаралық ұйымдардың өкілдерін біріктірді.

ҚазҰУ ректоры Ғалым Мұтанов Бүкіләлемдік өнер және ғылым академиясының мүшесі болып сайланды. Шешімді атаулы Комитет және осы беделді халықаралық ұйымның Қамқоршылар кеңесі қабылдады.

ҚР Тұңғыш Президенті күніне орай «Мен жастарға сенемін!» атты студенттік жастардың республикалық патриоттық фестивалінің гала-форумы өтті. Форум еліміздің барлық өңірлерінен жоғары оқу орындарының өкілдерін жинады. Номинациялар бойынша байқау жеңімпаздары ҚазҰУ-да бір жыл тегін оқу гранттарына ие болды.

**ЖЕЛТОҚСАН**

Жылдың басты оқиғасы Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаевтың желтоқсан айында ҚазҰУ-ға сапары болды. Ол онлайн-режимде ҚР ЖОО тарихында алғаш рет ҚазҰУ медициналық диагностикалық орталығының жұмысын ашты.

Тәуелсіздік күні қарсаңында Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен ҚазҰУ ректоры Ғалым Мұтанов ІІІ дәрежелі «Барыс» орденімен марапатталды. Сондай-ақ ҚазҰУ-дың алты ғалымы мемлекеттік наградаларға ие болды. Ал 2014 жылдың қорытындысы бойынша академик Сағындық Сатыбалдин «ғылым қайраткері» номинациясы бойынша «Алтын адам» сыйлығының иегері атанды.

Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күніне орай ҚазҰУ-да Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Жәмилә Серкебаева мен ҚР Халық әртісі Мұрат Серкебаевтың жетекшілігімен Алматы әкімінің концерттік оркестрінің қатысуымен салтанатты іс-шара және мерекелік концерт өтті.

Жыл тағы бір жетістікпен аяқталды. ҚазҰУ «QS University Rankings: «Дамушы Еуропа және Орталық Азия 2014/15» рейтингісінде 14 орынды иеленіп, Орталық Азияның ең үздік 20 университетінің қатарына енген жалғыз жоғары оқу орны атанды.

**Дайындаған:**
**Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті музейі**

*Жалғасы бар.*

**1937 году открылся филологический факультет**

*Продолжение. Начало на 2 стр.*

# НА ПУТИ К НОВ




В 1960–1980-е годы сложная и многогранная работа профессорско-преподавательского состава, а также ректоров, возглавлявших в те годы университет – Аскара Закарина, Умирбека Джолдасбекова, Едила Ергожина, – позволила КазГУ стать одним из ведущих центров всего советского пространства. Университет стал готовить кадры и для зарубежных стран. Надо отметить, что в годы руководства известного ученого и незаурядного руководителя Умирбека Джолдасбекова было осуществлено строительство первой очереди уникального научно-образовательного и жилого комплекса «КазГУград», который сегодня не уступает по масштабам кампусам ведущих университетов мира.

С обретением Казахстаном независимости вузу присвоили имя второго учителя человечества и великого мыслителя тюркского мира Абу Насыра ибн аль-Фараби, а в 2001 году – статус первого в стране национального университета. В этот период были сделаны важные шаги по внедрению международных требований к подготовке кадров и переходу к двухступенчатой системе «бакалавриат – магистратура», созданию в составе университета сети НИИ и технологического парка. В эти достижения огромный вклад внесли бывшие тогда ректорами Мейрхан Абдильдин и Кулжасар Нарибаев.

В 2003 году КазНУ первым среди вузов Центральной Азии подписал Великую хартию университетов в Болонье и вошел в европейское образовательное пространство. В 2006-м КазНУ стал первым в истории государства вузом – лауреатом премии Президента Республики Казахстан за достижения в области качества. Расширились масштабы деятельности научных школ и направлений, была проведена международная сертификация ряда программ естественно-научных специальностей, начато строительство второй очереди КазГУграда. Все эти проекты были осуществлены под руководством Толегена Кожамкулова и Бакытжана Жумагулова, возглавлявших университет в тот период.

Выступая в КазНУ с лекцией в октябре 2009 года, Глава государства Нурсултан Назарбаев, который уделяет огромное внимание развитию университета, назвал его «форпостом образования и науки нового Казахстана». Справедливо будет отметить, что в этом заслуга всех поколений профессорско-преподавательского состава вуза и ректоров, приложивших немалые усилия к решению задач, которые ставило время, а также выпускников, прославляющих альма-матер созидательным трудом.

Развитие КазНУ сегодня связано с главной целью, поставленной Президентом Казахстана, – войти в 30 наиболее развитых стран, и задачей по вхождению в топ-200 лучших университетов мира. Университеты как субъекты формирования человеческого капитала должны выступать одними из драйверов модернизационных процессов и инновационного развития страны. В связи с этим КазНУ им. аль-Фараби как флагман казахстанского высшего образования разработал модель вуза нового поколения – Университет 4.0. Она реализуется на основе концепции al-Farabi University Smart City, стержнем которой являются идеи великого мыслителя аль-Фараби, и базируется на симбиозе высокотехнологической и духовно-нравственной платформ. Они стали основами «точек роста» инновационной системы и нового мировоззрения. Комплексная структурная модернизация на основе кластерного подхода и внедрение системы управления, ориентированного на результат, способствовали успешной реализации четырех важных миссий Университета 4.0 – обучение, проведение исследований, внедрение инноваций в производство и духовно-нравственное воспитание высококвалифицированных специалистов как граждан страны и мира.

Возглавляющий вот уже 3 срока подряд Глобальный хаб Программы ООН «Академическое влияние» по устойчивому развитию, КазНУ им. аль-Фараби представил свою модель Университета 4.0 в штаб-квартире ООН в Нью-Йорке на форуме Альянса цивилизаций, по итогам которого она была рекомендована для широкого распространения на международном уровне. Проект также получил поддержку мировой общественности в Израиле, Австрии, Египте, России, Беларуси и становится перспективной моделью развития университетов на современном этапе, отвечающей мировым трендам. Все прогрессивные начинания КазНУ как лидера высшего образования в республике сегодня широко внедряются в других вузах.




Зарубежные и казахстанские университеты перенимают опыт КазНУ в построении цифрового университета, который основан на внедрении облачных технологий в автоматизации всех бизнес-процессов деятельности вуза, smart-технологий в управление инфраструктурой кампуса и технологии Big Data в аналитической системе. Высокотехнологичное ядро образовательного процесса – уникальная информационно-аналитическая система «Универ», которая распространяется в других университетах, получила высокую оценку компании «Майкрософт», снявшей и разместившей на своем сайте фильм о передовом опыте КазНУ. Знаменательным событием для казахстанской системы образования стал запуск Национальной платформы открытого образования Казахстана, где массовые онлайн-курсы нашего университета вызывают большой интерес среди студентов из отечественных вузов и дальнего зарубежья.

КазНУ также одним из первых внедрил гибкие образовательные программы, которые быстро адаптируются к текущим реалиям и предвосхищают будущие тренды, они успешно аккредитованы международными агентствами. В рамках государственных программ развития, направленных на модернизацию экономики и подготовку кадров для Индустрии 4.0, внедряются такие принципиально новые образовательные программы, как «Е-коммерция», «Цифровая лингвистика», Bigdata, «Искусственный интеллект», «Геоинформатика», «Интернет вещей», «Биоинформатика». Впервые на постсоветском пространстве реализуется совместная с МФЦА и Университетом Бенхалиф (Катар) программа по исламским финансам. Вуз превращается в центр взаимного трансферта опыта и инноваций между сферой реального производства, наукой и образованием. Крупные высокотехнологичные мировые корпорации активно участвуют в образовательной деятельности университета и открыли свои научно-образовательные центры – Hewlett-Packard, Cisco, Konica Minolta, Fujitsu, Samsung, Alcatel, Microsoft, Intel, «Лаборатория Касперского», Huawei и другие.

КазНУ одним из первых начал широкомасштабную подготовку кадров с английским языком обучения на всех ступенях образования. Сегодня уже более 70% специальностей нашего вуза имеют английские отделения, благодаря чему в КазНУ обучается самое большое количество иностранных студентов. КазНУ стал единственным университетом в Казахстане, реализующим более 70 программ двойного диплома с ведущими зарубежными вузами. Таким образом, создается международная образовательная среда, благоприятная для формирования интеллектуальных лидеров, роль которых в условиях Четвертой промышленной революции трудно переоценить.

Взяв курс на интеграцию науки, образования и инновационного производства, КазНУ приблизился к уровню известных мировых исследовательских университетов. Созданная в нашем вузе зона высоких технологий «Индустрия 4.0» стала платформой по разработке передовых технологических решений и внедрению инновационной продукции в производство. Формирование ареала наукоемких технологий реализуется путем привлечения научных и проектных организаций Республики Корея, России и Казахстана, совместно с которыми создан международный инновационно-производственный консорциум R&IID. В нем участвуют такие крупные промышленные предприятия, как «Казцинк», «Казахмыс», «Казхром», Ульбинский металлургический завод и другие.

Созданные в университете Научно-технологический парк, Центр процессных инноваций

# ЫМ ВЕРШИНАМ

и Центр «зеленых» технологий представляют собой современный кластер инжиниринга и наукоемких технологий. Центр «зеленых» технологий как наследие ЭКСПО-2017 сегодня реализует инновационные проекты по «зеленой» энергетике и подготовке специалистов новой формации. На территории кампуса КазНУ ведутся работы по созданию искусственной экосистемы «Аквапоника» и объектов малой архитектуры с целью формирования экологически устойчивой и комфортной среды для преподавателей, студентов и жителей Алматы. На этой основе КазНУ внедряет международный проект «Зеленый мост через поколения» в поддержку инициативы Президента Нурсултана Назарбаева «Зеленый мост», который впервые был представлен и поддержан на Рио+20 в Бразилии.

Совместно с НИИ аэрокосмической информации Академии наук КНР открыт Центр дистанционного зондирования Земли. КазНУ одним из немногих университетов на постсоветском пространстве запустил в космос первые казахстанские наноспутники – «Аль-Фараби-1» и «Аль-Фараби-2». Это позволило создать мощный кластер в области космических технологий. КазНУ открывает новую перспективу развития IT-технологий в стране, создавая международный IT-технопарк Альянса университетов Нового шелкового пути, включающего более 130 университетов мира. Его ядром станет суперкомпьютер, предоставляемый КазНУ благодаря Президенту нашей страны по правительственному гранту КНР.

На основе мирового опыта и в партнерстве с передовыми университетами Республики Корея КазНУ подготовил научно-образовательную и клинико-диагностическую базу инновационного медико-биологического кластера и впервые в истории многопрофильных вузов страны открыл медицинский факультет. При поддержке Главы государства КазНУ передана в доверительное управление клиника № 1 города Алматы. Здесь в рамках полноценной интеграции медицинского образования, науки и практики путем трансферта новых технологий будут обеспечены качественные медицинские услуги, отвечающие международным требованиям.

Все вышеперечисленное способствует созданию в университете уникальной инновационной технологической платформы. Следует отметить, что за последние 3 года количество реализуемых научно-исследовательских и опытно-конструкторских разработок возросло в 2 раза. Общий объем финансирования науки достиг почти 5 млрд тенге, из которых 20% приходится на хоздоговорные работы. Университет лидирует в Казахстане по количеству публикаций в рейтинговых научных журналах, входящих в ведущие международные базы данных, – Scopus и Web of Science. Сегодня каждая пятая публикация казахстанских авторов в высокорейтинговых научных изданиях – это вклад ученых КазНУ. Три научных журнала химико-биологического, химико-технологического и физико-математического направлений включены в международные наукометрические базы данных.

Зарождая в студентах предпринимательские инициативы, с тем чтобы они создавали свои инновационные стартап-компании, КазНУ способствует воплощению их бизнес-идей и оказывает всестороннюю поддержку. В настоящее время в 14 студенческих бизнес-инкубаторах реализуется более 80 инновационных проектов. Мощным стимулом для активизации научной работы студентов является ежегодное выделение 10% от суммы научно-исследовательских работ на поддержку студенческой науки. Важным шагом в формировании сильных научных школ, конкурентоспособных в мировом научно-образовательном пространстве, стало открытие в КазНУ первой казахстанской программы постдокторантуры.

В рамках программы «Рухани жаңғыру» и основных положений статьи Президента Нурсултана Назарбаева «Семь граней Великой степи» важной задачей университета является не только подготовка конкурентоспособных кадров, но и духовное формирование молодежи как граждан страны и мира. Как отмечал аль-Фараби, «знания без воспитания, без нравственного начала способны принести вред, а не пользу». Поэтому наряду с инновационно-технологической платформой в рамках модели «Университета 4.0» активно развивается духовно-нравственная составляющая. На достижение качественно нового эффекта в формировании граждан страны и мира нацелены корпоративная идеология и прорывные социальные проекты университета. Созданный в - КазНУ антикоррупционный научно-образовательный кластер, включающий НИИ, проектный офис «Саналы ұрпақ» и общественную приемную «Гражданский контроль», стал мозговым центром Казахстана по формированию антикоррупционного сознания и культуры молодежи.






Благодаря активному развитию спорта и физической культуры КазНУ стал бессменным лидером студенческого спорта. Семнадцать студентов-спортсменов нашего вуза в составе сборной страны приняли участие в летних Олимпийских играх 2016 года в Рио-де-Жанейро. Они принесли в копилку Казахстана золотую, серебряную и бронзовую олимпийские медали. На летних Азиатских играх 2018 года в Индонезии студенты КазНУ завоевали 5 медалей – 2 серебряные и 3 бронзовые.

Особое значение придается социальной поддержке талантливых студентов. К примеру, за последние 3 года университет привлек более 1 300 спонсорских стипендий на 350 млн тенге. Ежегодно свыше тысячи студентов из социально уязвимых групп, обучающихся на «отлично» и «хорошо», пользуются скидками в оплате за обучение. Благодаря созданию уникального, не имеющего аналогов в мире центра обслуживания «Керемет» студенты могут не выходя за пределы кампуса получать свыше 500 услуг образовательного, социально-бытового, культурно-досугового назначения, включая первичную медико-санитарную помощь и диагностику здоровья. За последние 5 лет общий объем площадей инфраструктуры, созданной со дня основания КазНУ, вырос на 40% (или на 106 тыс. кв. м). Большая часть этой площади приходится на социальные объекты, возведенные на принципах государственно-частного партнерства. Это, в частности, Дом молодых ученых на 500 мест, центр обслуживания студентов «Керемет», плавательный бассейн, новая библиотека и другие. В этом году университет на основе ГЧП намерен начать строительство самого крупного в Казахстане современного комфортабельного общежития на 1 287 мест.

В рамках программы «Рухани жаңғыру» совместно с Альянсом цивилизаций ООН КазНУ реализует международный проект «Формирование граждан добродетельного общества. Миссия современных университетов». Так, в ведущих университетах Голландии, Турции, Иордании, Италии, Китая, Египта и других стран уже создены 10 научно-образовательных центров аль-Фараби, где изучаются казахский язык и культура казахского народа, ведется работа по созданию на их базе филиалов КазНУ.

Внедрение одновременно двух платформ – инновационно-технологической и духовно-нравственной – дало синергетический результат, о чем можно судить по продвижению нашего университета в международном рейтинге QS. За несколько лет КазНУ продвинулся в рейтинге на 350 позиций и сегодня занимает 220-е место, уступив среди вузов постсоветского пространства только МГУ им. М. Ломоносова. В международном сообществе это достижение называют «феноменом КазНУ им. аль-Фараби». В глобальном рейтинге UI Green Metric Ranking of World Universities КазНУ занял 172-е место и таким образом укрепил свои позиции в топ-200 самых экологичных университетов. По результатам исследования Британского агентства Times Higher Education, КазНУ первым среди университетов Центральной Азии вошел в число лучших вузов мира. В Европейском рейтинге ARES (Европейской научно-промышленной палаты) КазНУ получил оценку АА и вошел в число ведущих европейских вузов.

Юбилейный год ознаменован для КазНУ важными международными событиями. В 2019-м Казахскому национальному университету им. аль-Фараби доверено проведение трех мероприятий мирового уровня. Это всемирная выставка-конференция QS World Wide «К совершенству на основе гармоний человеческого наследия и высоких технологий», Генеральная ассамблея сети университетов Шелкового пути и международный Work Shop для мировой сети университетов социальной ответственности. На площадке КазНУ соберется тысяча лидеров академических кругов, руководителей передовых вузов и известных ученых мира по всем направлениям образования и науки. Это является показателем высокого мирового авторитета не только КазНУ им. аль-Фараби, но и всей системы высшего образования Казахстана. Проведение таких мероприятий в ведущем университете страны, несомненно, окажет положительное влияние на процесс интернационализации и экспорта высшего образования нашего государства.

Пользуясь случаем, поздравляю многотысячное сообщество преподавателей, студентов и выпускников Казахского национального университета им. аль-Фараби со славным юбилеем альма-матер – первого университета Казахстана! Вместе, в единстве мы сможем добиться новых успехов и продолжать вносить свой вклад в выполнение поставленных Главой государства задач по вхождению Казахстана в число 30 самых развитых государств мира.

**19 сентября 1938 года в КазГУ открылась аспирантура, первый набор составил 20 человек по 10-ти специальностям**

# ҚазҰУ-дың тұңғышы

**15 қаңтар күні еліміздегі көшбасшы жоғары оқу орны – Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің құрылған күні. Университетіміздің өткен тарихына көз жүгіртсек, алғашқы кезде оқу орны физика-математика және биология факультеттеріне студенттерді қабылдаудан басталды.**

Ең алғашқы 54 студент 19 қаңтарда сабақ кестесі бойынша бірінші дәріске қатысты. Бірақ та университеттің қалыптасуы қиын жағдайда өтті. Жұмыс барысында көптеген қиыншылықтарды шешуге мәжбүр болды. 1934 жылдың 2 желтоқсанында университеттің атына С.М. Кировтың есімін берді. Ал биология факультетінде ол кезде ботаника және зоология кафедрасы ғана жұмыс істеді. Екі кафедрада бар болғаны 22 студент білім алды. Біздің факультетіміздің жасы жағынан университетпен «құрдас» деуге болады.

Оқу жүйесінің басталуының алғашқы жылдары оқытушы-профессорлар құрамы қалыптаса бастады және одан әрі дамуына өзінің іс-тәрбиесін аянбай беріп отырды. Солардың ішінен мына ұстаздардың есімін атап өткенді жөн көрдім. Олар: А.Бартенев, Б.Домбровский, Н.Павлов, Т.Дарқанбаев, Н.Хусайнова, М.Авазбакиева, Г.Бияшев, А.Полосухин,Т.Масенов, В.Фурсов, М.Шигаева, Н.Удольская, И.Байтулин, В.Корнилова және т.б. Осы ғалымдардың орасан зор үлесін қазіргі студенттерге үлгі етіп жариялап отыру басты парызымыз.

Жас оқу орнының біртіндеп күш, тәжірибе жинақтап, буынның бекуі де осы жоғарыда айтылған ұстаздарымыздың арқасында. Факультетіміздің қалыптасуы талай кезеңдерден тұрады деуге болады: құрылу және қалыптасу кезеңі (1934-1941 жж.), соғыс жылдары (1940-1945 жж.), соғыстан кейінгі жылдар (1950-1990 жж.) және еліміз тәуелсіздік алып дамыған соңғы жылдарымыз (1991-2018 жж.).

Әрине мен соғыстан кейінгі (1950-1990 жж.) кезеңнен бастап осы факультеттің адам және физиология кафедрасында білім алып, алғашқы еңбек жолымды ассистент, кіші ғылыми қызметкерден бастап осы кезеңге дейін сол кафедрада еңбек етіп келемін.

Әрине өткен өмір жолыма шолу жасап отырып еске алып айтарым, Адам және жануарлар физиологиясы кафедрасын 34 жыл басқарған менің ұстазым, ғылыми жетекшім б.ғ.д., профессор Магинур Авазбакиеваның өмір жолы бәрімізге үлгі еді.

М.Ф. Авазбакиева 1943 жылы кандидаттық, ал 1955 жылы ленинградтық И. Павлов атындағы физиология институтында докторлық диссертациясын қорғап, 1943-1944 жылдарда



Адам мен жануарлар ағзасының әртүрлі климато-географиялық ортаға бейімделуіндегі физиологиялық, биохимиялық процестердің механизмдерін зерттеуден бастады. Сондықтан да, М. Авазбакиева Қазақстандағы климофизиологияның негізгі ғылыми іргетасын қалаушы ғалым деп айта аламыз.

Нақтырақ айтар болсақ, М. Авазбакиеваның басшылығымен 1966-1989 жылдар аралығында кафедрада және физиологиялық ғылыми зерттеу лабораториясымен бірігіп «Біріккен Ұлттар Ұйымының» жанындағы ЮНЕСКО-ның ұсынысына сәйкес «Халықаралық Биология бағдарламасы бойынша» адам және жануарлардың әртүрлі эколого-географиялық ортаға бейімделуінің физиология-биохимиялық механизмдерін зерттеумен айналысып, Орта Азия мен Қазақстанның таулы аймақтарында (Памир, Іле, Қырғыз Алатауы) шөлді, шөлейт жерлерін (Маңғыстау, Қызылқұм) тіршілік етуші тұрақты тұрғындары мен уақытша келушілердің бейімделу механимдеріндегі ерекшеліктерін зерттеу үшін бірнеше дүркін ғылыми зерттеу экспедициялар ұйымдастырылды. Нәтижесі бойынша тиісті орындарға зерттеу жұмыстарының ұсыныстары мен қорытындылары жіберіліп отырылды.

Қорыта айтқанда, биология факультетінің және кафедрасының ғылыми дәстүрлері мен тарихы мол, республикамыздың ғылыми саласында және басқа да жақын және алыстағы еліміздің ғылым саласындағы алатын орны жоғары.

Әрине өмір бір орынды тұрмайды, өседі, дамиды. Сонымен бірге қоғамда, ғылымда, әлеуметтік-экономикалық жағдайда, соған байланысты сұранысы, талапта өзгереді. Сонау 1934 жылы 19 қаңтарда факультетке оқуға түскен 22 студенттің саны қазіргі таңда мың еседен астамға жетті. Қазіргі оқу жүйесінде, бұрынғымен салыстырғанда таңқаларлық жетістіктер бар. Бұл университетіміздің дамып, еліміздегі белді оқу орнына айналғандығының бір көрінісі, бірегей бейнесі. Барша ҚазҰУ-лықтарды университетіміздің 85 жылдық мерейтойымен шын жүректен құттықтаймын!

**Н. ТОРМАНОВ,**
*биология және биотехнология факультеті, биофизика және биомедицина кафедрасының профессоры*

# Мерейлі жыл

**Тағы бір жыл тарих жылнамасына еніп, күнтізбеде жаңа 2019 жылға қадам бастық. Бұл жылдың ерекшелігі – университетіміздің құрылғанына 85 жыл толады. Сондықтан да университет ұжымы үшін бұл жылдың алар өзіндік орны болары сөзсіз.**



2019 жыл тек университет үшін ғана емес, химия және химиялық технология факультеті үшін де – мерейлі жыл. Химия факультеті - 1934 жылы ашылған үш факультеттің бірі, сол жылдың қыркүйек айынан бастап студенттерді қабылдады. Құрылған уақытынан бастап факультет – еліміздегі химия білімі мен ғылымындағы көшбасшы екендігін дәлелдеп, тек химия саласында ғана емес, өнеркәсіптің басқа салаларына да мамандар дайындап келе жатқан білім мен ғылым орталығы. Факультет тарихында оның негізін қалап, қалыптасуына және дамуына үлкен үлес қосқан, әрқайсысы жеке ғылыми мектептің негізін қалаушы Ә.Б.Бектұров, И.Н.Әзербаев, Б.А.Бірімжанов, Д.В.Сокольский, М.И.Усанович, М.Т.Козловский, О.А.Сонгина, А.Ш.Шәріпқанов және басқа да академик-ғалымдардың аттары алтын әріппен жазылған. Білім беру деңгейі бойынша КСРО-да факультет Мәскеу және Ленинград мемлекеттік университеттерінен кейін 3-орында болды. 1978 жылы факультет 7 жыл қатарынан факультетаралық социалистік жарыста жеңімпаз атанып, мәңгі сақтауға Қызыл Тумен марапатталды. Факультет жанынан 1988 жылы Жану мәселелері институты, 1992 жылы Жаңа химиялық технологиялар мен материалдар ғылыми-зерттеу институты, 1995 жылы Физика-химиялық зерттеу және талдау әдістерінің орталығы құрылып, қазір олар жетекші ғылыми орталықтарға айналды.

Химия факультеті 2011 жылы атын «химия және химиялық технология факультетіне» өзгерткелі бері де, биік белестерді бағындырды. Осы арада университет пен факультетіміздің 80 жылдық мерейтойы аталып өтілген 2014 жылдан бергі соңғы 5 жылда факультеттің жеткен жетістіктеріне тоқталып өткен жөн шығар деп ойлаймын. Оқу-әдістемелік бағытта факультеттегі мамандар даярлау жүзеге асырылатын 12 білім беру бағдарламасы Германияның ASIIN агенттігімен халықаралық аккредитациядан өтіп, білім беру деңгейі агенттік талаптарына сай екендігі дәлелденді. 2015 жылдан бері Мемлекеттік индустриалды-инновациялық даму бағдарламасы (МИИДБ) бойынша профильдік бағытта магистрлер дайындау білім беру бағдарламалары жүзеге асырылуда. Осы бағдарламаның аясында факультетте жаңа зертхана құрылып, мемлекеттік аттестациядан өтті, бірнеше кәсіпорындарда кафедра филиалдары ашылды.

Бірнеше магистрант Белгород мемлекеттік университеті, Қытай мұнай университеті, Мәскеу болат және құймалар институтында қос дипломды білім беру бағдарламалары бойынша білім алып, магистр атанды. Профессор Ж.А.Әбіловтің жетекшілігімен Германияның Росток университетінде және Пәкістанның Карачи университетіндегі Халықаралық химия және биология ғылымдары орталығында біздің университетпен біріккен зертханалар ашылып, жыл сайын магистранттар мен докторанттар ғылыми тағылымдамадан өтуде. 2018-2019 оқу жылының басында университет «Фармацевтикалық өндірістер технологиясы» мамандығы бойынша лицензияға ие болып, факультетте бакалавр мамандарын дайындайтын болады.

Ғылыми-инновациялық бағытта да қол жеткізген жетістіктер қомақты. Факультет құрылған уақытынан бастап, «зерттеу» факультетінің статусына сай мамандарды тек білім беріп қана емес, оларды ғылымға баулу арқылы даярлауда алдыңғы қатарда. Факультеттің ғылыми-зерттеу орталықтарының инновациялық жобаларының нәтижесінде минералды және өсімдік шикізаттары, полиэфир шайырлары негізінде композициялық материалдар, гидрогельді дәрілік препараттар өндірісінің цехтары ашылып, іске қосылды. Ғылыми-инновациялық зерттеу нәтижелері АҚШ, Еуропа, Ресей патенттері түрінде рәсімделіп, қорғалды. 2018 жылы Қазақстан ғалымдарының арасында алғаш рет профессор З.А.Мансұров нанотехнология саласындағы ғылыми жетістіктері үшін ЮНЕСКО ұйымының халықаралық медалімен марапатталды. Факультет студенттері де «Student Energy Challenge», «NurIntech» байқауларының жеңімпаздары атанды.

Әлеуметтік-тәрбие саласында факультеттің студенттік өзін-өзі басқару ұйымдарының белсенді қызметтерінің нәтижесінде факультет командасы бірнеше жыл қатарынан «Студенттік көктем» көркемөнерпаздар байқауында жеңімпаз атанып, студенттеріміз «Ана тілі аруы, Жігіт сұлтаны», «ҚазҰУ аруы», «Мистер КазНУ» байқауларының жүлделі орындарын иеленді.

Аталған жетістіктер факультеттің университет рейтингінде жыл сайын алғашқы үштіктен көрінуіне үлкен септігін тигізді, мұнда факультет ОПҚ ұжымының еңбегін ерекше атап өткім келеді.

Осы оқу жылын да факультет тың жаңалықтарымен бастап отыр, Қазақстан Республикасының минералды шикізатты өңдеу ұлттық орталығының базасында «Металдар мен минералдар кафедрасы» ашылып, іске кірісе бастады.

2019 жыл ЮНЕСКО ұйымының шешімімен Д.И.Менделеевтің химиялық элементтердің периодтық заңы мен кестесінің ашылуына 150 жыл толуына орай «Халықаралық периодтық кесте жылы» деп қабылданды, бұл – химиктер қауымы үшін тағы бір мерейтой. Сол себепті осындай қос мерейтойлы жылда Б.А.Бірімжанов атамыз атап айтқандай «химиктер руынын» өкілдері биік белестерді бағындырып, университет пен факультет мерейінің үстем болуына өз үлестерін қосады деген сенімдемін.

**Ердос ОҢҒАРБАЕВ,**
*химиялық физика және материалтану кафедрасының профессоры*



**1963 жылы университетте алғашқы студенттік құрылыс жасағы ұйымдастырылды**

# Студенттер мекені

**Тәңірдің сыйындай сұлу табиғаты мен заманауи салтанаты астасқан Алматы шаһарының көркі көздің жауын алады емес пе? Жасыл желекке малынған көшелер, жауһар моншақ шашқан субұрқақтар, гүлге оранған алаңдар мен күмбезі күн сәулесімен ойнаған зәулім ғимараттар кіршіксіз үйлесіп, құтты мекеннің ажарын айшықтай түседі. Осындай алып шаһардың төрінде ҚазҰУ қара шаңырағы орналасқан.**

1934 жылы еліміздің ең алдыңғы қатарлы университеті, қарашаңырағымыз әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің іргетасы қаланды. Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің жариялануына байланысты 1991 жылы 23 қазанда С.М.Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетіне ұлы ғалым, ойшыл және энциклопедист ғалым, «Шығыстың екінші ұстазы – Әбу Насыр әл-Фарабидің» есімі берілді.

Бүгінгі күні университетімізде 20 000-ға жуық студент білім алады. Он алты факультеттен тұратын университетте үш мыңға жуық профессор-оқытушылар құрамы студенттерге білім беруде.

Қала ішіндегі «Казгуград» қалашығы деп аталып кеткен құтты мекенде студенттердің білім алуына барлық мүмкіндік жасалған. Мәселен, студенттер сарайында өнерлі студенттерге арналған студенттер клубы жұмыс атқарады. Студенттер клубының дарынды мүшелері талай байқаулардың жеңімпаздары. Соның бірі ретінде, «Бақыт» би ансамблін ерекше атап өтуге болады.

Тағы бір байқағаным, университетімізде дәстүрлі түрде «Жалын» бірінші курс таланттарын анықтау, «Студенттік көктем», «Мен жастарға сенемін», КВН, «Ана тілі аруы»-«Жігіт сұлтаны» сияқты байқаулар жоғары деңгейде өткізіліп тұрады.

Сондай-ақ, студенттердің көшбасшылық қабілеттерін, ұйымдастырушылық қасиеттерін дамыту мақсатында жастар ұйымдары комитеті жұмыс істейді. Оның құрамына «Сұңқар» студенттер кәсіподағы, студенттер Сенаты, «Көмек» еріктілер қозғалысы, студенттер кеңесі, Болон үдерісі бойынша студенттік бюро, студенттердің ғылыми қоғамы кіреді. Қазіргі уақытта университеттегі барлық мерекелік, әдеби іс-шаралар, ақын-жазушылармен кездесу тікелей аталған жастардың қатысуымен өтеді. Атап өту керек, «Әдеби жүздесулер» клубының жетекшісі – Сәлима Қалқабаеваның ұйымдастыруымен «Фараби әлемі» студенттер мен жас ғалымдардың хлықаралық ғылыми конференциясы, «Көкжиек» ғылыми-шығармашылық клубының ұйымдастыруымен және тағы да басқа іс-шаралар өткізіледі. Сонымен қатар, ерекше айтап өту керек, университетімізде студенттер мен оқытушының қатысуымен көптеген шағын мерекелік концерттер ұйымдастырылады. Бұл бір жағынан, тәрбиелік пен мол білім береді, ал екінші жағынан әрбір студенттің жасырын таланттарын ашуға мол мүмкіндік тудырады. Сондай-ақ, топты ұйымшылдыққа, дос, тату болуға үйретеді. Осындай іс-шараларымыздың бірі, бірінші курста тобымен өткен іс-шара мәңгі есімде қалмақ. Ол университетімізде қыс айында өткен тарих пәнінің мұғалімі Фатима Қозыбақовамен бірге өткен «Әлем таныған – әл-Фараби» атты іс-шарамыз. Кең шаһарамызда өткен әл-Фарабиге арналған іс-шарамызда оның өмір жолы, істеген ерен еңбектері, шығармашылығы және көптеген ол туралы мәліметтер айтылып өтті. Осы дана ойшылымызға арналған іс-шарада филология факультетінің қазақ тілі мен әдебиеті мамандығында оқитын біздер, яғни менің 202 тобымдағы достарым (ол кезде 102 топ) өздерінің дарындылық қасиеттерін дана ойшылымыз, «әл-Фарабиге» деген арнаулары, оқыған білімдері, өнерлері мен актерлік шеберліктері арқылы көрсете білді. Мен де осы данамыздың ойшылдығына, біліміне тәнті болып, ұлы ұстазымызға жүрек жарды арнауымды қағаз бетіне түсірдім.

*Түркістанның арайланған ақ таңы,*
*Бұлбұл үні естіледі бақтағы.*
*Мәдениеттің өркендеген өр шыңын,*
*Бекер емес Отырардан тапқаны.*
*Тарих өтті жолдайын шаңы ұзаған,*
*Өз күйін шертті тағы қобыз ақ далам.*
*Мықты қадам бассын деп болашаққа*
*Сыйлады Әл-Фарабидей ойшыл адам!*
*Әл-Фараби құнды еңбекпен естесің,*
*Халқың сенің қара түнек кешпесін.*
*Ғасырларға бақыт нұрын себетін*
*Әсем үнің, бар мағынаң өшпесін!*
*Әр заманда әр мағына, әр ұғым,*
*Фарабидің сырын ұққан жарлының.*
*Ұлы жерде ұлы достық үйлессе,*
*Әл-Фарабидің туысысың барлығың!*
*Жалған өмір кімдер сенен өтпеген,*
*Уа қара жер, кімдер саған жетпеген?*





*Фарабиім шарықтасын күлімдеп*
*Ұрпағына қарамасын өкпемен!*
*О туған жер, қандай ыстық кең едің,*
*Шалқып әндер жайқалады көп егін*
*Ұлы жерде ұлы достық үйлессе*
*Фарабидің ақ арманы дер едім!*

Біздің оқу орнымыз осындай әлемге әйгілі ойшыл, философ, социолог, математик, физик, остроном, лингвист, музыка зерттеушісі әл-Фарабидің атында болғанына мен өте қатты мақтанамын. Әлемнің екінші ұстазы атанған әл-Фарабидей данамыздың атымен аталған, бұл білім нәрімен сусындаған жоғары оқу орнында ұстаздар да дана деп білемін. Солардың алдынан біз қазіргі таңда дәріс алудамыз. Ұстаздарымыздың көбі тағылымды, ғибратты, білімді, өнегелі, ұлағатты жандар. Студенттерге арналған оқулықтарды да өздері жазып, өздері оқытады.

ҚазҰУ – талантты, дарынды студенттердің басын біріктіріп отырған мекен. Сыйластық пен шынайы достықтың мекені, ҚазҰУ – ғашықтардың мекені. ҚазҰУ – адамның тұлға болып қалыптасуына ықпал етіп, тұлғаның жан-жақты қабілетін ашып көрсетуіне мүмкіндік беретін білім ордасы. Сол себепті де, мен өзімнің осы қасиетті қарашаңырағымда оқып жүргенімді ең үлкен жетістіктерімнің бірі деп санаймын.

**Әсем МАМЕЖАНОВА,**
*қазақ тілі мен әдебиеті мамандығының 2-ші курс студенті*

# Спартакиада «ЗДОРОВЬЕ» - 2019

**Юбилейный год своего 85-летия КазНУ начал спартакиадой «Здоровье» среди преподавателей и работников университета. В ней, в составе 20 сборных команд факультетов и подразделений, приняло участие более 700 человек.**

В программу спортивных состязаний были включены шесть видов спорта: бадминтон, волейбол, тогызкумалак, шахматы, мини-футбол и настольный теннис. Многие участники спартакиады соревновались в более двух видах спорта.

Открывая мероприятие, заведующий кафедрой физического воспитания и спорта Ермек Дилмаханбетов отметил, что в стране особое внимание уделяется повышению качества жизни населения, в том числе здоровью граждан, популяризации физической культуры и спорта. «Проведение спартакиады стало доброй традицией в нашем университете. Отрадно, что количество участников с каждым годом растет. Наша главная задача – как можно больше молодежи вовлечь в занятие физической культурой и спортом, популяризировать здоровый образ жизни. И в этом направлении в КазНУ проводится большая и эффективная работа».

Председатель профсоюза «Парасат» работников КазНУ Талгат Мекебаев выступил с поздравительной речью. Пожелав удачи и победы всем участникам соревнований, он подчеркнул, что профсоюз всегда поддерживает проведение спартакиады, ведь спорт, здоровье сотрудников и корпоративный дух участников соревнований тесно связаны между собой. «Празднование 85-летия университета стартовало на оптимистичной ноте. Впереди у профсоюза много планов и значимых мероприятий, призванных еще больше сплотить наш коллектив», - сказал профсоюзный руководитель.

По итогам состязаний победителем спартакиады в общекомандном зачете стал физико-технический факультет. Второе место завоевал спортивный коллектив военной кафедры, третье - механико-математический факультет.

Также были определены и награждены лучшие игроки спартакиады по видам спорта. Так, в настольном теннисе сильнейшими признаны инженер физико-технического факультета Н.Дробышев и ведущий специалист кафедры МКМ механико-математического факультета К.Идирисова. В бадминтоне – ученый секретарь факультета химии и химической технологии А.Галеева и старший преподаватель мехмата А.Уаисов. Победителями в «тогызкумалак» стали докторант мехмата Д.Баимбетов и специалист кафедры аналитической химии А.Есиркепова.

Лучшими игроками в волейболе среди мужчин объявлены начальник цикла военной кафедры В.Воронин и старший преподаватель юридического факультета А.Жаныбеков. Отменными мастерами по волейболу среди женщин признаны специалист кафедры Всемирной истории, историографии и источниковедения К.Жубатканова, преподаватель физико-технического факультета А.Толегенова и начальник отдела военной кафедры М.Зияданова.

Сильнейшими шахматистами стали и.о. доцента физтеха И.Цыганов и старший преподаватель мехмата Г.Рзаева. В мини-футболе звания «Лучший защитник» и «Лучший нападающий» удостоены и.о. доцента факультета международных отношений Т.Ерджанов и докторант механико-математического факультета Т.Аманжолов соответственно. «Лучшим вратарем» стал преподаватель мехмата Н.Бекбаев.




Следует отметить, что самыми активными болельщиками своей команды оказались работники военной кафедры во главе с руководителем, полковником О.В.Ажимовым, которые помогали спортсменам речевками, аплодисментами и даже барабанным боем.

Хорошую организаторскую работу в подготовке сборных команд факультетов и подразделений к соревнованиям провели председатели профсоюзных бюро, а также ответственные за спортивную деятельность. Победители и призеры спартакиады были награждены почетными грамотами и ценными призами, а лидеры в общекомандном зачете – дипломами соответствующих степеней и памятными кубками.

**С. СИРОТИНА,**
*старший преподаватель Центра ЗОЖ,*
**О. ЛОЖНИКОВА,**
*заместитель председателя профсоюза «Парасат» работников КазНУ*

**19 июня 1985 года в университете открылся подготовительный факультет для иностранных граждан**







# Бүгін ҚазҰУ-дың құрылған күні















**ҚҰРЫЛТАЙШЫ:**

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің ректораты

**РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ:**

Бас редактор: ***Досжан БАЛАБЕКҰЛЫ***
Тілшілер: ***Еңлік АҚЖІГІТ, Айнұр АҚЫНБАЕВА, Перизат ЖАРЫЛҚАСЫНОВА***
Фототілші: ***Марат ЖҮНІСБЕКОВ***
Корректор: ***Гүлмира БЕКБЕРДИЕВА, Ағила ШУРИЕВА***

Газет 1994 жылдың 7 ақпанында Қазақстан Республикасының Баспасөз және бұқаралық ақпарат министрлігінде тіркеліп, № 1242 куәлігі берілген

**МЕКЕНЖАЙЫ:**

050040, Алматы қ., әл-Фараби даңғылы, 71, ректорат, 11-қабат, №1104 бөлме.
Байланыс телефоны:
377-33-30, ішкі: 11-94,
тікелей: 377-31-48.

Электронды мекенжай:
***kazuniver2016gazeta@gmail.com***

Газет редакцияның компьютер орталығында терiлiп, беттелдi. АҚ "Алматы-Болашақ" баспаханасында басылды.

***Бағасы келісім бойынша.***
***Таралымы 1000 дана***
***Тапсырыс: №50***

- Жарияланған мақаладағы автор пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді.
- Редакцияға түскен қолжазба қайтарылмайды, үш компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданбайды.
- «Қазақ университетіне» жарияланған мақала көшіріліп басылса, сілтеме жасалуы міндетті.
- Жарнама мәтініне жарнама беруші жауапты.